

**«№ 10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің психологиялық қызмет бойынша
2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының есебі**

Психологиялық қызметтің мақсаты – орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету

Міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызметтің 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып, қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша үйде оқытылатын оқушылар, түзету сыныптарына мінездеме дайындаудан басталды, оқушылар туралы мәлімет жинақталып, арнайы папка арналды.

Әлеуметтік бағыт бойынша ПМПК шешімімен «Үйден оқытылатын», Түзету сыныптарындағы оқушылар есепке алынды. Жыл бойы түзету және дамыту жұмыстары жүргізіледі.

Аудандық білім бөліміне өзіміз жайлы мәлімет жазылып тапсырылды.

Қыркүйек айында мектеп қабырғасына қабылданған 1-сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. «Керн- Ирасек» тесті алынды. 2022-2023 оқу жылында МАД тобы болмағандықтан, 1 –сыныпқа қабылданып, былтырғы МАД тобының оқушылары 1- сынып болуымен биылғы 1- сыныптарды қосқанда 3 (үш) 1- сыныптарымыз бар. 2021-2022 оқу жылында МАД тобын оқыған оқушыларымыз бейімделуі «Керн- Ирасек» тестін алғанда нәтижелері жақсы. Оқу, жазу, сурет салу т.б жұмыстарды меңгерген. Биылғы қабылданған 1- сыныптарымыз төмендеу нәтиже көрсетті. Үйде ата-аналар, мектепте сынып жетекшілер жұмысты жандандыру қажет. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптардың сынып жетекшілері мектеп әкімшілігіне ай сайын мәлімет беріп тұруын міндеттеді. Психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілерге, жеке ата-аналарға кеңестер, ұсыныстар берілді.

5 сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жүргізілді. Оқу әрекетінің мотивациясын анықтауға арналған

экспресс- сауалнама алынды. «Мұғалім оқушы көзімен» сауалнамасы алынып, әлі де бейімделу үстіндегі оқушыларға жүргізілген әрбір әдістемені талдап, анықталған нәтиже бойынша сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді. Оқушыларға бесінші сыныпқа бейімделуіне жаттығулар мен ойындар жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау мақсатында «Бес терек» жобасы бойынша «Кабинеттік талдау» жүргізіліп, анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл-40 оқушы, сары-8 оқушы деңгейінде анықталды.

9.09.2022 жылы мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында психологы Ж. Сулейманова «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі» атты баяндама оқып, тренинг жүргізді.

Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу яғни, «Бес терек» жобасы аясында 5-7 сынып оқушыларынан «Менің отбасым», 8-9 сыныптар «Менің ең жақын досым», 10-11 сыныптар «Менің арманым» тақырыптарында эсселер алынды. Эссе жазу жұмысы бойынша сынып жетекшілер қорытынды жасап, оқушылардың өмір сүруге деген көз-қарастарының позитивті екендігін нақтылап көрсетіп өтті.

Оқушылардан сауалнама, үй, адам, ағаш проективті әдісі алынды. «Бес терек» жобасы бойынша жалпы нәтижелер психологиялық қызметтің бірыңғай орталығы базасына жүктелінді.

Балалардың психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында мұғалімдерге жаднамалар, кеңестер берілді. Оқушылармен жеке, топтық түзету, кеңес беру, кездесу, әңгімелер жүргізіліп, бақылау жасалынды. Қарым-қатынас реттеу мақсатында психологиялық сабақтар жүргізілді.

Қазан айында Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 9-11 сынып оқушы қыздарымен «Жыныстық өмір деген не және ерте жүктіліктің алдын алу» жөнінде баяндама оқылып, кеңестер берілді. Қыздармен әңгімелесе отырып, тәрбие мен тәртібін, ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын ұстанып, қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту. Қыздардың жеке гигиенасы, мектептегі тәртіп, сабаққа қатысуы туралы айтылды.

Құқықбұзушылықтың алдын алу сауалнамасы жүргізіліп, нәтижесінде оқушылар арасында ешқандай келеңсіздіктің орын алмағандығы анықталды.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 8-сыныптар оқушыларымен «Оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту», «Мейірімді жүрек- жылы тілек» тақырыптарында тренинг сабақтары жүргізілді. 10-11 сынып оқушыларымен «Мен өмірді тандаймын» тренингі жүргізілді.

9-10-11 сынып оқушылары арасында «Аутодеструктивті мінез-құлық және ерте жүктіліктің, отбасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» жиналыс- кеңес болып оқушыларға бағыт-бағдар берілді.

Осы сыныптар арасында ДТІЖО-ның және мектеп инспекторларының қолдауымен жиналыс, түсіндірме жұмыс, кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді. "Кибербуллинг және біз Буллингке қарсымыз" тақырыбында әңгіме-сұқбат жүргізді. «Отбасы, ата-ана », «Достық», «Әлімжетті не екенін білесің бе? » тәрбиелік мәні бар видеороликтер көрсетілді. Оқушыл видеодан алған әсерлерімен бөлісіп, өз ойларын айтып өтті.

Пед кеңесте жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында мұғалімдерге «Бес терек» жобасы кеңінен талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстар бойынша есеп берілді. Мектепте ұстаздар мен оқушылар арасында жақсы қарым-қатынасты арттыру жайында ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Қараша айында 9-11 сынып оқушылар арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын алу бойынша Э. Эйдемилер «Отбасылық қобалжу» анықтау әдістемесі алынды.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушылауының «Әлімжеттік не екенін білесің бе?» видеороликтер көрсетілді.

Жоғары және орта буын оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Өз көңіл – күйінді қалай басқаруға болады?» видеороликтер көрсетілді.

8-11 сынып оқушы қыздарына ерте жүктіліктің алдын-алу бойынша «Ерте жүктіліктің жасырын жақтарын білесіңбе?» видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу, болдырмау бойынша 5-11 сыныптардың ербалаларына «Зиянды әдет- қоғамдық дерт» видеоролик көрсетілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушыларға кеңес беру, жадынама таратылды.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ата-аналар мен мектеп ұжымына кеңестер берілді, «Ұлт боламын десең, ұл – қызынды тәрбиеле» видеороликтер көрсетіліп, кеңестер берілді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жарияланған «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбындағы айлық іс-шарасы ауданнан жіберілді. Соның ішінде педагог-психологтарға тиісті жұмыстар жүргізілді.

Желтоқсан айында Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінен тапсырмалар мектеп әкімшілігіне келген 2022 жылдың 08 желтоқсан мен 29 желтоқсан аралығында «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» бойынша іс - шара ауданнан келіп, мектепшілік бұйрық пен іс-шара жасалынып бекітілді. 08.12.2022ж «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» іс-шараның ашылуына мектеп әкімшілігімен бірлесіп өткізілді.

«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» іс-шарасының жоспарына байланысты «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» атты 7-11 сынып оқушыларына тренингтер жүргізілді.

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінен тапсырма «Жан дүние әлеміне – Саяхат» тақырыбында онкүндік апталық іс-шарасы келді. Бізге тиісті іс-шаралар дер кезінде өткізіліп отырды.

9-11 сынып оқушыларының кәсіби бағдар бойынша мамандық таңдауға бейімделігін Л. Йовяйшидің белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау әдістемесі алынды.

9-11 сыныптар арасында Діни экстремизмнің алдын алу бойынша сауалнамалар алынды.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Жақсылық жақсылықпен қайтады» видеороликтер, кеңестер, тренингтер жүргізілді.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша «Балаңызбен дос сырлас бола білесізбе?» ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 7-11 сынып қыздарына түсіндірме жұмыстары жиналыс өткізілді.

ҰБТ-ға 11 сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында жаттығулар мен тренингтер жүргізілді. Мұғалімдерге кеңестер берілді.

«Өмір бумеранг», «Өз бақытымыз, өз қолымызда» оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жас мамандарға «Сабақта кездесетін қиындықтарды жеңу жолдары» лекция өткізілді.

Түзету – дамыту тобына танымдық процестерге және зейінді дамыту, түзету «Шатасқан сызықтар», «Баспалдақ», «Моншақ әдістемесі» оқушылардан алынды, динамикалары анықталды, түзету жұмыстары жалғасады.

Үйде оқытылатын оқушылармен ай сайын хабар алынып, көңіл-күйіне мән берілді, отбасындағы қарым-қатынастарына кеңестер берілді.

Тәуекел топтағы оқушылармен жеке кеңестер, түсіндірме жұмыстары мен топтық тренингтер жүргізілді.

Қаңтар айында орта буын 5-8 сынып оқушылары арасындағы ақыл-ой дегейін анықтауда «Штур» тесті алынды. ҰБТ алдында қобалжу дегейін анықтауда тест, сауалнама алынды. Нәтижелері шығарылып ата-аналарға, ұстаздарға, сынып жетекшілерге ақыл-ойларын дамыту жайында құнды кеңестер берілді. Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша оқушылардан анонимді сауалнама алынды.

Жоғары сынып оқушыларымен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша «Балаңызбен дос, сырлас бола білесізбе?» тақырыбында видеоролик көрсетіліп, бала мен ата-ана арасындағы махаббат, сыйластық қарым-қатынас жайлы кеңестер берілді. Ата-аналар өз пікірлерін айтып, өз ойларымен бөлісті.

Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы қобалжуынан, қорқынышынан, ашушандығынан арылатын жаттығулар жүргізілді. Сезімдік әлемін дамыту жаттығулар кезінде оқушылардың қобалжуы сиіліп, қорқынышы баяулап, ашушандығы саябырсыды. Жаттығулар ұнап көңіл-күйлері көтеріліп қалды.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыздар жиналысы өткізіліп, «Қызды қырық үйден тыю» шағын лекция, жадынама тарқатылды. Түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

Әскери шақырушыларды медициналық көріктен өткізуге 10-11 сынып ұл балдары апарылды.

ҰБТ-ге психологиялық дайындық жұмыстары жүргізіліп, сауалнамалар алынып, кеңестер беріліп, әлі де жалғасын табуда.

Ақпан айында 5-8 сынып оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында «Өз агрессияңды басқара аласыңба?» сауалнама алынды. Нәтижесінде агрессиясы байқалған оқушылар мен жеке сұқбат жүргізіліп, кеңестер берілді. Діни экстремизмнің алдын алу бойынша 9-11 сыныптар арасында анонимді сауалнама алынды, алдын алу бойынша кеңес беріліп, видеороликтер көрсетіліп түсіндірме жұмыстары дінтанушы мұғалімдермен қоса жүргізіліп, ислам дін жайлы мәліметтер берілді.

Бастауыш сынып оқушыларымен сабаққа зейінін арттыруға арналған ойын, жаттығулар өткізілді. Үлгермеуші оқушылардың ата-аналары мен сынып жетекшілеріне пайдалы кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды.

«Интернеттің пайдасы мен зияны» жайында оқушыларға кеңінен түсіндіріліп, видеороликтер көрсетілді. Кибербуллинг және буллинг жайлы ашық, кеңінен түсіндіріліп, барынша ұялы сымтетікті дұрыс, пайдалы ақпараттар үшін ғана пайдалану керек екені жайлы айтып түсіндірілді.

Жалпы сынып жетекшілер жиналысында «Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алудағы мұғалімнің рөлі» атты баяндама оқылып, түсіндірме, жадынамалар таратылды. Ата-аналарына сынып бойынша жиналыс шақыртылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп кеңестер беріліп, пайдасыз сайттар, ойындар жайлы айтылып, ұл-қыздарының ұялы телефондарын қадағалап, кіріп жатқан сайттар мен пайдаланатын қызмет түрлерін үнемі назардан тыс қалдырмауын ескертіп айтылды.

17.02.2023 жылы күні «Жеке бас гигиенасы» жайлы қыздар жиналысы ауданның жоспарына сай 5-11 сынып қыздарымен мебике Б. Масова және қыздар жиналысының төрайымы Л. Ермахановалар бірлесе отырып өткізілді. Психологтар тарапынан түсіндіру жұмыстары мен жалпы кеңестер берілді.

Наурыз айында 9-11 сынып оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында «Өз агрессияңды басқара аласыңба?» сауалнама алынды. Жасөспірімдер арасында аутоагрессияның алдын алу бойынша 5-11 сыныптар арасында «Сезімімнің ішкі әлемі» тренинг жүргізілді. Кеңес беріліп, видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Бітіруші сынып оқушылармен «ҰБТ-ға арналған мотивация» беріліп, видеороликтер көрсетілді, «ҰБТ-ға сенімділігіңді арттыр» кеңестер берілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Телефонға тәуелділік» сауалнамасы алынды. Интернеттің пайдасы мен зияны» кеңінен ақпараттар беріліп видеороликтер көрсетілді. Жарыс сөзге шығып оқушылар өз ойларын білдірді. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақыбырында қыздар жиналысы өткізіліп, «Ерте жүктіліктің зияны мен қауіп-қатері», «Қызбала тәрбиесі» жайлы қысқа метражды видеороликтер көрсетіліп, талқыланды. Жарыс сөзге қыздар шығып өз ойларын айтты. Үйде оқытылақтын оқушылардан ай сайын барып хабар алып, мектеп әкімшілігі тарапынан оқу-құралдары, заттар сыйлық берілді. Денсаулықтары қалыпты.

Сұраныстар бойынша түзету-дамыту жұмыстары әліде жалғасын табуда. Жас мамандармен «Жақсы көңіл-күй жан тыныштығы» тақырыбында тренинг, 1-11 сынып оқушылары ата-аналарымен «Отбасындағы әлеуметтік психологиялық реттеу және нығайту жолдары» видеоролигі көрсетіліп, ұсыныс-кеңестер берілді Үйде оқитын оқушылармен «Өз есіміңді ерекше ата!» ойын-жаттығулар жүргізілді.

МАД тобының оқушыларымен мектепке даярлығын анықтау мақсатында Керн-Иерасек тесті алынды.

Мамыр айында орта буын оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 7,8 сыныптар арасында «Күйзеліс дегеніміз не?» психологиялық сабақ, «Мейірім-жүректе» айлық іс-шара негізінде «Мен буллингке қарсымын!» тренинг, отбасылық «Мейірімділік отбасынан басталады» тақырыбында челлендж, 9-11 сыныптармен «Мақсат қою және оған жету

жолдарын білесіз бе?» кеңес беру жұмыстары, педұжыммен «Мен ғажайыппын!» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мектепте «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жұмыс жасайды. «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонына» түскен хабарламалар комиссия мүшелерінің қатысуымен талқыланып шешіледі, оқушыға көмек беріледі. Қорыта келе, жүргізілген психологтың жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келді.

Мектептің педагог психологы:



Ж. Сулейманова